

АСҚАР КИІКБАЙҰЛЫ РЗАХАНОВ

Маңғыстау жұртшылығы мен еліміздің қоғамдық-саяси ортасы орны толмас үлкен қазаға ұшырады. Саналы ғұмырын туған өлкесі мен мемлекетіміздің дамуына, ішкі саясат пен өндіріс саласының өркендеуіне арнаған білікті басшы, ардақты азамат Рзаханов Асқар Киікбайұлы өмірден озды.

Асқар Киікбайұлы 1961 жылы Түпқараған ауданы, Қаңға ауылында дүниеге келген. Саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнаған ол 1984 жылы Қазақ политехникалық институтын (қазіргі Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті) инженер-механик мамандығы бойынша тәмамдап, 2001 жылы Орта Азия университетінде заңгер мамандығы бойынша екінші жоғары білім алды.

Еңбек жолын 1978-1979 жылдары Форт-Шевченко қаласындағы «Мангышлакрьбхолодфлот» мекемесінде бірінші разрядты машинист болып бастады. 1984–1986 жылдары Маңғышлақ барлау-бұрғылау басқармасында моторист, 1986-1987 жылдары сол мекемеде комсомол комитетінің хатшысы, 1987–1988 жылдары Мұнайлы аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1988–1990 жылдары Гүрьев (Атырау) облысы Ембі аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1990-1991 жылдары Маңғыстау облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды.

1991–1995 жылдары Маңғыстау облысының Жастар мәселелері жөніндегі комитетінің төрағасы, 1995–1997 жылдары Маңғыстау аймақтық баға және монополияға қарсы саясат комитеті төрағасының орынбасары, 1998–2002 жылдары Маңғыстау облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы қызметтерін атқарды.

2002–2008 жылдар аралығында Маңғыстау облыстық ішкі саясат департаментінің директоры болып еңбек етті.

2008-2009 жылдары «Нұр Отан» ХДП Маңғыстау облыстық филиалының бірінші орынбасары қызметінде болды.

2009–2012 жылдары «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары, 2012-2013 жылдары «ӨзенМұнайГаз» АҚ бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары, бас директоры қызметтерін атқарды.

2013–2018 жылдары Маңғыстау облысы әкімі аппаратының басшысы ретінде өңірдің қоғамдық-саяси дамуына елеулі үлес қосты.

Өмірінің соңғы жылдарында өзінің мол тәжірибесін өндіріс саласына арнап, 2018-2019 жылдары «Су өндіру және тасымалдау департаменті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, 2019–2022 жылдары «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамының вице-президенті қызметінде жүріп, Маңғыстау облысының аумақтық сайлау комиссиясының төрағалығын да қоғамдық негізде атқарды.

Мемлекет пен қоғам алдындағы адал еңбегі жоғары бағаланып, 2001 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», 2005 жылы «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл» мерекелік медальдарымен және 2007 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2018 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды.

Жерлестері мен әріптестері оны бүкіл қажыр-қайратын ел мұраты мен халық игілігіне арнаған байыпты басшы, іскер ұйымдастырушы әрі парасатты азамат ретінде әрдайым жоғары бағалап, ерекше құрмет тұтты.

Орны толмас ауыр қазаға байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақын-жуықтарына, әріптестері мен барша маңғыстаулықтарға қайғыра көңіл айтамыз.

Асқар Киікбайұлының жарқын бейнесі, өнегелі өмір жолы мен елге сіңірген еңбегі туған-туыстарының, әріптестерінің және барша маңғыстаулықтардың жүрегінде мәңгі сақталады.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ, МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ, МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ, МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ.

«МӨЭК» АҚ АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ЖАҢА ҚОСАЛҚЫ СТАНЦИЯ САЛУҒА КІРІСТІ

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ СЕНІМДІ ЖӘНЕ ҮЗДІКСІЗ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ – «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОММУНАЛДЫҚ ЖҮЙЕЛЕР» ЖШС (ҚКЖ) КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНА КІРЕТІН «МӨЭК» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ. ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ КОМПАНИЯ ӨНІРДІН ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ОБЪЕКТІЛЕРІН ЖАҢАРТУДЫ ЖӘНЕ ДАМУЫНДА ЖАЛҒАСТЫРУДА.

Ағымдағы жылы «МӨЭК» АҚ Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы Басқұдық ауылының ауданында жаңа төмендету қосалқы станциясын салуға кірісті. Шағын станция салу туралы шешім Мұнайлы ауданы әкімдігінің ұсынысы бойынша қабылданды.

Жобаны іске асыру қажеттілігі 1968 жылы пайдалануға берілген 110/6 кВ «СКЗ» жұмыс істеп тұрған қосалқы станциясының тозуының жоғары деңгейіне байланысты. Жабдықтың тозу дәрежесі шамамен 90% құрайды. Аталған қосалқы станция бірден үш ірі ауылды – Маңғыстау, Баянды және Басқұдық ауылдарын электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

Ауданда тұрғын үй және коммерциялық дамудың белсенді өсуі аясында қолданыстағы инфрақұрылым айтарлықтай жүктемелерге ұшырайды, бұл желілерде шамадан тыс жүктемелерге әкеледі. Осы мәселені жедел шешу әзірленген жобалау-сметалық құжаттама (ЖСК) негізінде іске асырылады және «МӨЭК» АҚ бекітілген инвестициялық бағдарламасына енгізілген.

«МӨЭК» АҚ даму басқармасының басшысы Азамат Шангреев атап өткендей, жобаны іске асыру – өңірді сенімді энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етудегі маңызды кезең.

– Жаңа қосалқы станция салу қолданыстағы инфрақұрылымды түсіруге, электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға және елді мекендерді одан әрі дамыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді, – деді ол.

Жобаның жалпы құны екі миллиард теңгеден асады. Қазіргі уақытта құрылыс алаңында аумақты жоспарлауды,



артық топырақты кесуді және кірме жолдардың астына негізді төгуді қоса алғанда, бірінші кезең жұмыстары жүргізілуде.

Нысан құрылысының толық аяқталуы 2027 жылдың тамызына жоспарланған.

Басқұдық ауылы Ақтау қаласынан 8 шақырым жерде орналасқан. Мұнда 30 мыңнан астам ауыл тұрғындары тұрады.

«МӨЭК» АҚ – Маңғыстау облысының өңірде электр энергиясын беруді және бөлуді жүзеге асыратын ірі электр желілік компаниясы. Кәсіпорынның жұмысында 5 мың шақырымнан астам электр желілері және әртүрлі кернеу класындағы 68 қосалқы станция бар.

Компания жыл сайын энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту бағдарламаларын іске асырады, өңірдің электр желілік кешенін дәйекті түрде жаңартып отырады. Жүргізіліп жатқан барлық жұмыстар тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сапасы мен сенімділігін арттыруға бағытталған.

«МӨЭК» АҚ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

LADA GRANTA

автокөлігі сатылады.

- * Жылы: 2016
- * Қозғалтқыш көлемі: 1.6 л
- * Жанармай: Газ / Бензин
- * Беріліс қорабы: Механика (МКПП)
- * Түсі: ақ

Байланыс нөмірі: 8 778 915 15 88

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА АРНАЛҒАН

ТЕЛЕФОН: 20-48-42

«ТАСБУЛАТ ОЙЛ КОРПОРЕЙШН» ЖШС ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Жобалардың атауы: 1) «Тасбулат Ойл Корпорэйшн» ЖШС үшін 2026 жылға арналған атмосфераға ластанушы заттардың шекті рұқсат етілген шығарындылары (ШПШ) нормативтері жобасы. Түзету. 2) «Тасбулат Ойл Корпорэйшн» ЖШС үшін 2026 жылға арналған жер қойнауына ластанушы заттардың шекті рұқсат етілген төгінділері (ШРТ) нормативтері жобасы. Түзету. 3) «Тасбулат Ойл Корпорэйшн» ЖШС үшін 2026 жылға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ). Түзету. 4) «Тасбулат Ойл Корпорэйшн» ЖШС объектілері үшін 2026 жылға арналған экологиялық бақылау бағдарламасы (ЭББ). Түзету. 5) 2026 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары. 6) «Тасбулат Ойл Корпорэйшн» ЖШС «Тасбулат кен орнында қабат қысымын ұстап тұру жүйесін қайта құру» ЖЖ-ның ҚОҚБ. 7) «Тасбулат Ойл Корпорэйшн» ЖШС «Түркменой кен орнында ГЗУ-2-ден ПСН-ға дейінгі қолданыстағы Ду150 болат құбырды шыныпластик құбырға ауыстыру» ЖЖ-ның ҚОҚБ.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін күні, уақыты және орны:

1. 2026 жылғы 28 шілде сағат 11:00-де, Маңғыстау облысы, Қаракия ауданы, Мұнайшы ауылдық округі, Мұнайшы ауылы, Салтанат көшесі, мәдениет үйінде.

2. 2026 жылғы 28 шілде сағат 15:00-де, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Оңды ауылдық округі, Оңды ауылы, Орталық көшесі, әкімдік ғимаратында.

Жоба учаскесінің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: Тасбулат кен орны – 43°23'28.64" с.е., 52°18'23.48" ш.б. Түркменой кен орны – 43°33'55" с.е., 52°27'55" ш.б. Ақтас кен орны – 43°27'05" с.е., 52°14'50" ш.б.

Таспырыс берушінің атауы және байланыс деректері: «Тасбулат Ойл Корпорейшн» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 4-шағынаулан, 18-ғимарат, индексі 130000. БСН: 060840001641. Эколог – Балауса Ақбаева. Жұмыс телефоны: +7 777 599 36 65.

Жобаны әзірлеушілердің атауы және байланыс деректері: «TİM EcoProject» ЖШС, БСН 130440003976, Ақтау қ., 11-шағынаулан, 22-ғимарат, тел.: +7 (701) 999 67 64, e-mail: timescoproject@gmail.com.; «KJS Projects & Consulting» ЖШС, БСН 080440012170, e-mail: kjs_project@inbox.ru.; «New Projects» жобалау-консалтингтік фирмасы» ЖШС, БСН 080840010268, Алина Жоламанова, тел.: +77077757217, e-mail: newprojects.newprojects@mail.ru.

Онлайн қосылу сілтемелері:

1. Мұнайшы ауылы, 28.07.2026 ж. сағат 11:00: <https://us04web.zoom.us/j/71041156319> **Конференция идентификаторы:** 710 4115 6319.

Кіру коды: h82UqS

2. Оңды ауылы, 28.07.2026 ж. сағат 15:00: https://us04web.zoom.us/j/75964_741566 **Конференция идентификаторы:** 759 6474 1566 **Кіру коды: uD6SPd**

Жоба құжаттамасы орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсы: <https://ndbecology.gov.kz/>

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы органның атауы және байланыс деректері: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Жобаларға экологиялық сараптама жүргізу бөлімінің бас маманы – Сабина Базарбай. E-mail: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: 8 (7292) 43-10-88, ұялы тел.: +7 (778) 113-98-97. Жоба құжаттамасы <https://ndbecology.gov.kz> порталында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар келесі электрондық мекенжайлар бойынша қабылданады: s.bazarbay@mangystau.gov.kz және <https://ndbecology.gov.kz>.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тамшалы компаниясы» ЖШС Қазақстан Республикасы экологиялық кодексінің 96-бабы талаптарына сәйкес 2026 жылғы 24 шілдеде сағат 15.00-де, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе ауылы, әкімдік ғимаратында Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе ауылы, Бірлік елді мекенінен, №3 өндірістік аймақ, №86 жер телімінде орналасқан «Асфальт-бетон зауыт қондырғысының құрылысын салу» (Сыртқы инженерлік желілерсіз және металық құжаттамасыз) нысаны бойынша ықтимал әсерлер туралы есепті талқылау жөнінде ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталдың <https://ndbecology.gov.kz/> жарияланған қоғамдық тыңдаулар бөлімінде, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru> танысуға болады.

Аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (ҚР, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-ш/а, 1-ғимарат) келесі электрондық пошта-сына жолдауға болады: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com.

Қосымша түрде келесі сілтеме арқылы ZOOM платформасында онлайн режимде қатысу мүмкіндігі қарастырылған: <https://us06web.zoom.us/j/83819342031?pwd=Y0abgVLIUaXN6grpO3hEHdQXGdrc2x1>

Конференция идентификаторы: 838 1934 2031

Кіру коды: 837392

Жоспарланып отырған қызметтің бас-тамашысы: «Компания Тамшалы» ЖШС, БСН 990440007987, телефон +7 701 682 8205.

Жобаны әзірлеуші: ЖК Е.Р.Арустамова, Ақтау қ., 14-22-50, тел. +7 7701 367 80 71, эл. пошта: a.ekaterina14@mail.ru.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі арқылы алуға болады: a.ekaterina14@mail.ru, +7 (701) 367 80 71

Учаскенің географиялық координаттары: 43°40'3.40"С, 51°19'37.19"В

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43°40'9.44"С, 51°20'38.90"В

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы» РММ 2026 жылдың 26 маусымынан бастап 20 жұмыс күні ішінде Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталында (<https://ndbecology.gov.kz>) Маңғыстау облысы Қаракия ауданының аумағында Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының «Оңтүстік Үстірт» кластерлік учаскесін құрудың техникалық-экономикалық негіздемесі жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіні туралы хабарлайды. Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама пакетімен жоғарыда көрсетілген порталда танысуға болады.

Байланыс тел.: 8 772 9934 76-8-33

E-mail: Ystyurt@ndopt@mail.ru

Аманиязов Сериккалий Алдабергеновичтің қайтыс болуына және мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. Бір ай мерзімде мұрагерлерін мына мекенжай бойынша нотариуске хабарласуын сұраймыз:

Ақтау қаласы, 14-ш/а, «Звезда Ақтау» бизнес орталығы, 1-қабат, 106-кеңсе. тел. 8701 728 66 63.

НОТАРИУС Н.А.Жалғасов.